

Австрия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы кредит келісімін жүзеге асырудың бірінші кезектегі шаралары және басым бағыттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 12 мамыр 1992 ж. N 758. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға сәйкес үкіметаралық кредит келісімі жасалды, ол Австрия жағының Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға және әлеуметтік мәселелерін шешуге лимитсіз кредит беруін көздейді.

Кредитті Австрия банкілері Австрия мен Қазақстан үкіметтерінің кепілдемесі негізінде, әдетте, 5 жыл мерзімге дейін Австрия фирмаларының товарлары мен қызметін сатып алуға және солармен бірлескен инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруға беріп отырады.

Австрия жағы беретін кредиттерді тиімді пайдалану және оларды қайтарудың сенімді жүйесін құру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті аталған кредитті пайдалану мен оны өтеудің кеңейтілген жоспарын әзірлесін.

Кредиттердің, ең алдымен, бірінші кезектегі әлеуметтік мәселелерді шешуге, республиканың экспорттық және валюталық әлеуетін елеулі түрде арттыруға, импортты алмастыру бағдарламаларын жүзеге асыруға, тиімділігі жоғары жаңа технологияларды сатып алуға, қалдықсыз өндіріс құруға және бірқатар аймақтардағы экологиялық жағдайды сауықтыруға бағытталуын көздерін.

Жоспарды 1992 жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынсын.

2. Кредиттерді пайдаланудың жоспарын жасау кезінде қажеттілігіне қарай олар валюталық қаржыларды:

- дәрі-дәрмектер, халықтың тұтыну товарларын, ең алдымен балалар мен қарттарға арналған товарларды, көпшілік сұранысына қажетті басқа да товарларды сатып алуға жұмсасын;

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мүдделі министрліктер мен ведомстволарды тарта отырып, товарлардың номенклатурасын құрастырсын және товарлар беріле басталғаннан кейін оларды 1992 жылдың маусымынан кешіктірмей сатып алатын болсын.

Кредиттердің аталған бөлігі, әдетте, тиісті облыстар мен аудандардың өнімдерін экспортқа шығару есебінен өтелетін болып белгіленсін;

- фермерлік, шаруа, кооперативтік және қосалқы шаруашылықтарды дамытуға, оларды қазіргі заманғы техникамен және ауылшаруашылық құралдарымен жабдықтауға, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуге арналған қ у а т т а р д ы ж а с а у ғ а ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыстар әкімдерінің қатысуымен мүдделі ведомстволарды және ұйымдарды тарта отырып , сатып алудың номенклатурасын жасасын, мұнда кредиттердің ауылшаруашылық жұмыстарына қажетті аспалы агрегаттардың толық жиынтығы бар трактор және басқа техниканы сатып алуға, сүт, ет, көкөніс, жеміс-жидек және басқа да өнімдерді ұқсату жөнінде кооперативтік негізде пайдаланылатын кішігірім кәсіпорындарды толық дайын етіп салуға басым түрде бағытталатынын е с е п к е а л с ы н .

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі 1992 жылдың тамыз-қыркүйек айларынан бастап техниканы жеткізе отырып, с а т ы п а л у д ы жү з е г е а с ы р с ы н .

Аталған товарларды, әдетте, ауылшаруашылық өнімдеріне айырбастау ж о л ы м е н с а т у кө з д е л с і н ;

- тұрғын үй проблемасын шешуді жеделдетуге, отбасылық және жеке үйлерді , әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық мақсаттағы объектілерді салу үшін қажетті кәсіпорындар мен жабдықтарды сатып алуға;

Қазақстан Республикасының Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстар әкімдерінің қатысуымен, мүдделі министрліктерді, ведомстволарды, ұйымдар мен кәсіпорындарды тарта отырып, қажетті мөлшерде шығаруға дейін дамытыла түсетін аз қабатты құрылыс жөніндегі мамандандырылған қуаттарды құрудың бағдарламасын әзірлесін, қазіргі сәулетшілік және техникалық шешімдерді тауып жүзеге асырсын, солардың негізінде қалалардың ықшам аудандарын, селолар мен ауылдарды кешенді түрде с а л у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Осы мақсатқа пайдаланылған валюта қаржыларын өтеу, әдетте, экспорт өнімдеріне айырбас жасау тиісті аймақтардың валюталық шығындарды өтеуі арқылы жүргізілетін болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті үстіміздегі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей осы мәселе жөнінде қажетті шешімдер қабылдасын және жұмыс графиктеріне сәйкес жабдықтар сатып алуды ұйымдастырсын;

- республиканың және валюталық әлеуетін басым түрде дамытуға, жоғары, экологиялық жағынан таза және қалдықсыз технологияларды сатып алуға, әскери өндірісті конверсиялауға, осы заманғы индустрияны құруға, көпшілік қолды

халық тұтынатын товарлар өндіруге жұмсалсын.

Инвестициялық объектілерін анықтау кезінде валюталық өз шығынын барынша өтеуді және импортты алмастыруды қамтамасыз ететін жобалар бірінші кезекте жүзеге асырылсын.

Жобаларды қарау конкурстық негізде жүргізілсін.

Аталған кредиттерді Сыртэкономбанкі арқылы кәсіпорындар мен ұйымдар ресімдейтін және өтейтін болып белгіленсін. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі қажет болған жағдайда жоғары білікті халықаралық сарапшыларды тарта отырып, жобаларды сараптауды жүргізісін және кредит сомаларының уақытында өтелуіне қатаң бақылау о р н а т с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Австрия кредиттерін пайдалану мен өтеу жоспарын жасаған кезде жоғары білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыруға қаржыны белсенді пайдалануды қарастырсын.

Қазақстан Республикасының білім беру министрлігі:

- неғұрлым талапты шәкірттерді, арнаулы орта оқу орындарының оқушыларын, жоғары оқу орындары мен техникумдардың студенттерін Австрия Республикасының тиісті оқу орындарында оқытудың арнайы бағдарламаларын ә з і р л е с і н ;

- оқуға жіберілетін кандидаттарды конкурстық іріктеу ережесін бекітсін, олардың қажетті көлемде шет тілдерді оқып-үйренуін ұйымдастырсын;

- Австрия жағымен келісім жасап, үстіміздегі жылдың қыркүйек айынан бастап студенттерді оқуға жіберсін.

Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Қазақстан Республикасының академиясымен бірлесе отырып, Австрияның жетекші ғылыми орталықтарының қатысуымен ғылыми кадрлар даярлаудың арнайы бағдарламасын жасап, жүзеге а с ы р с ы н .

Стажировкаға жіберу кезінде болашағынан үміт күттіретін, практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өзінің ғылыми білігін көрсете білген жас ғылыми қызметкерлерге артықшылық берілетін болсын.

Кандидаттарды іріктеу конкурстық негізде жүргізілсін, стажировканың және бағдарламалары бекітіліп, олардың жүзеге асуы қадағалансын.

Кадрларды оқытуға жұмсалатын кредиттер Республикалық валюта қорының қаржысы есебінен өтелетін болып белгіленсін.

4. Республиканың халықаралық байланыстарын, шетелдік туризм мен кәсіпкерлікті дамыту үшін материалдық жағдайлар туғызу мақсатымен Қазақстан Республикасының ірі өнеркәсіп орталықтары мен астанасында дипломатиялық және сауда өкілдіктерін, халықаралық орталықтар, шет ел фирмаларының кеңселерін және қазіргі заманғы мейманханалар жүйелерін

салуға жұмсалатын кредиттің бір бөлігін пайдалану көзделсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі облыстар әкімдерінің қатысуымен, Мемсәулетқұрылысты және басқа да мүдделі ұйымдарды тарата отырып, тиісті объектілерді орналастырудың жоспарын жасасын, сатып алуды және толық дайын етіп салуды жүзеге асырсын, бұл жұмысты үстіміздегі жылдың маусым-тамыз айларынан кешіктірмей бастауды е с к е р с і н .

Бұл мақсаттарға жұмсалған кредиттерді өтеу, әдетте, тиісті объектілердің валюталық өзін-өзі өтеуі негізінде немесе өнімдерін экспортқа шығарумен орнын толтыру арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

5. Кредиттерді ресімдеу мен өтеудің біртұтас жүйесін жасау мақсатымен Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне үстіміздегі жылдың мамыр айының 15-не дейін Австрия Республикасында басқа елдерде филиалдары мен өкілдіктері бар қазақстандық сыртқы сауда к о м п а н и я с ы н қ ұ р с ы н .

Республиканың министрліктері, ведомстволары, облыстар әкімдері, кәсіпорындары мен ұйымдары Австрия кредиті есебінен сатып алуды ресімдеу мен оны өтеуге өнімдер жеткізуді аталған компания арқылы жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті үстіміздегі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзім ішінде Австрия Республикасы берген кредитті ресімдеу мен өтеудің жалпы тәртібін белгілесін және бекітсін. Бұл саладағы істің жайына үнемі талдау жасасын және әрбір жарты жылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне баяндап отырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті